

MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SKMA 1979	MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес	044/23(1)	
Стенограмма	41 беттің 1 беті	

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы 8D10110-«Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы «COVID-19 короновирустық инфекциямен ауырғандардың танымдық бұзылыстарын гирудотерапиямен емдеуін негіздеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға жиналған диссертациялық кеңес отырысының

СТЕНОГРАММАСЫ

ХАТТАМА №3

Шымкент қаласы

«17» мамыр 2025 жыл

Диссертациялық кеңестің отырысына диссертациялық кеңестің 9 мүшесінен 8 мүшесі қатысты (1 мүшесі онлайн форматта қатысты), соның ішінде қарастырылып отырған диссертация саласында ғылым докторларының саны – 2, ғылым кандидаттарының саны – 3.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған **Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы «COVID-19 короновирустық инфекциямен ауырғандардың танымдық бұзылыстарын гирудотерапиямен емдеуін негіздеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғау.**

Диссертациялық Кеңестің төрайымы: медицина ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы.

Ғылыми хатшы: Кемельбеков Канатжан Сауханбекович, PhD.

Диссертациялық Кеңестің төрайымы Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы.

Сәлеметсіздер! Аса құрметті Диссертациялық Кеңес Мүшелері!

Бүгін Диссертациялық Кеңес мәжіліс залында 8D10141 -«Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелері катысып отыр:

Диссертациялық Кеңестің төрайымы: ДК Төрағасы Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы, м.ғ.к., профессор, проректор «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

ДК төрағасының орынбасары— Кулбаева Салтанат Нәлібекқызы, PhD, қауымдастырылған профессор, «Акушерия және гинекология» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшесі **Абуова Гүлжан Нәркенқызы** – м.ғ.к., профессор, «Жұқпалы аурулар және дерматовенерология» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан

Ғылыми хатшы – **Кемелбеков Қанатжан Сауханбекұлы** – PhD, «Педиатрия-1» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Аталған қорғауға байланысты Диссертациялық Кеңестің уақытша мүшелері ректордың 2025 жылғы 07 сәуір № 669П бұйрығымен «8D10141 - Медицина» мамандығы бойынша бекітілді:

1. **Булекбаева Шолпан Адильжановна** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЕХӘҚМ «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК директорының орынбасары, Астана қаласы, Қазақстан.

2. **Дарибаев Жолтай Рахымбекұлы** – медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» КЕАҚ неврология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Астана қаласы, Қазақстан.

3. **Баринов Алексей Николаевич** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Medsi Group медицина академиясының неврология және психотерапия кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы.

Бүгінгі мәжілісте келу парағы бойынша Диссертациялық кеңестің 7 мүшесінен 7 адам қатысып отыр.

Осылайша, Диссертациялық кеңес мәжілісін өткізу үшін кворум бар.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кеңесшілер қатысып отыр:

Отандық ғылыми кеңесшілері:

1. **Қайшибаева Гүлназ Смағұлқызы** – медицина ғылымдарының кандидаты, «Prim неврологтар лигасының» төраға орынбасары, Смағұл Қайшыбаев атындағы неврология және нейрореабилитация институтының директоры, Алматы қаласы, Қазақстан.

2. **Абуова Гүлжан Нәркенқызы** – м.ғ.к., профессор, «Жұқпалы аурулар және дерматовенерология» кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

Баранцевич Евгений Робертович – медицина ғылымдарының докторы, «Неврология және мануалдық медицина» кафедрасының меңгерушісі, Ресей федерациясы денсаулық сақтау министрлігінің «Академик И.П. Павлов атындағы бірінші Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университеті»

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 3 беті

федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі, Санкт-Петербург қаласы, Ресей Федерациясы.

Сонымен қатар, Диссертациялық кеңестің мәжілісіне **ресми рецензенттер** қатысып отыр.

Аяғанов Дінмұхамед Нұрниязыұлы – PhD, қауымдастырылған профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің» «психиатрия және наркология курсымен бірге жүретін неврология» кафедрасының меңгерушісі, Ақтөбе қаласы, Қазақстан.

Григолашвили Марина Арчиловна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, НАО «Қарағанды медицина университетінің» «Неврология, психиатрия және Реабилитология» кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды қаласы, Қазақстан.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» АҚ 8D10141-«Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес мәжілісін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Күн тәртібінде - философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған **Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы** «COVID-19 коронавирустық инфекциямен ауырғандардың танымдық бұзылыстарын гирудотерапиямен емдеуін негіздеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

Диссертация Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Медицина факультетінің «Неврология, психиатрия және наркология» кафедрасында орындалды.

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Докторанттың аттестациялық іс құжаттарын жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, PhD, **Кемельбеков Канатжан Сауханбековичке** сөз беріледі.

Кемельбеков Канатжан Сауханбекович: Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы, диссертациялық кеңестің мүшелері, қонақтар, ресми рецензенттер!

Диссертант **Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы** жеке ісінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талап етілген тізімдеме бойынша барлық құжаттар жинақталды. Тиісті құжаттар белгіленген уақытта тапсырылды. Диссертанттың жеке мінездемесімен таныстыруға рұқсат етіңіздер:

Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы 1977 жылы 14 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Көксәйек ауылында дәрігерлер отбасында дүниеге келген. Ұлты – казак.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		41 беттің 4 беті

Орта білімін жалпы білім беретін орыс сыныбында бітірген. Және музыка мектебінде 7 жыл оқыған (фортепиано бөлімінде), 1992-1995 жылдар аралығында Төлеби ауданындағы, Көксәйек училищесінде оқып, үздік аттестатпен оқуын аяқтаған. 1995-1997 жылдар аралығында А.А.Ясауи атындағы жоғарғы медициналық колледжіне түсіп, үздік оқығаннан кейін 1997-2001 жылдары Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Шығыс медицина» факультетіне 3 курс студент қатарына ауыстырылып, аталған мамандық бойынша аяқтады. 2001-2002 жылдары интернатураны «Жалпы практика дәрігері – инемен емдеуші» мамандығы бойынша бітірді.

Медицина саласындағы еңбек жолын 2002-2005 жылдар аралығында Шымкент қалалық №3 емханасында невропатолог ретінде бастады. Сонымен қатар, 2002-2009 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика академиясында қызмет атқарып, шығыс медицинасының әдістерін тәжірибеге белсенді енгізе бастады.

2004 жылы Алматы мемлекеттік дәрігерлерді жетілдіру институтында «Невропатолог дәрігері» мамандығын алды.

2006 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясында «Ишемиялық инсульт кезіндегі гирудотерапияны қолданудың негіздемесі» тақырыбында ғылыми жұмысын сәтті қорғап, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды.

2008 жылдан бастап «Гирудомед» көпсалалы медициналық клиникалар желісінің негізін қалады. Бұл желінің Астана, Алматы, Шымкент және Түркістан қалаларында филиалдары бар. Сонымен қатар, бұл клиникалар гирудотерапия, иглотерапия, мануалды терапия мамандарын даярлайтын білім беру алаңдарына айналды.

2014 жылы Қазақстанның гирудотерапевтер Альянсының президенті болып сайланды. Қазіргі таңда Астана және Түркістан, Шымкент қалаларында 9 Халықаралық конференция өткізді.

2014-2016 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясында «Ишемиялық инсульт кезіндегі гирудотерапияны қолданудың негіздемесі» тақырыбында ғылыми жұмысын сәтті қорғап, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды.

Салтанат Жақсылыққызы көптеген ғылыми мақалалардың авторы, «Гематологиялық фармакология» оқулығының авторы, «Ишемиялық инсульттегі гирудотерапияның фармакологиялық аспектілері» атты монография және «Гирудотерапия негіздері» кітабының авторы болып табылады.

Салтанат Жақсылыққызы – Қазақстандағы гирудотерапия саласының дамуына зор үлес қосып, әсіресе акушерлік және гинекология саласында жаңа әдістерін енгізген маман. Оның жоғары кәсібилігі мен бастамашылдығы түрлі марапаттармен атап өтілді, соның ішінде:

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1) 41 беттің 5 беті

2016 ж. «Сала көшбасшысы» медалі;

2017 ж. «Bene meranti de professione» медалі (Ұлттық Бизнес-Рейтинг).

2018ж. Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы Президенттің жолдауымен, «Қазақстан медицинасының қолтаңбасы» аталатын кітап энциклопедиясына енгізілді.

2018 жылы «Гирудомед» клиникасы негізінде жүргізілген «Ишемиялық инсульт кезіндегі сүлік секрциясының гемостазиологиялық көрсеткіштерге әсері» тақырыбындағы ғылыми жұмысы республикалық «Зерде» байқауында I орынды иеленді (Щучинск қ.)

2021жылы Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы «Қазақстанның Алтын кітабына» енгізілген.

2022ж. сәуір айында докторантура бағдарламасы аясында шетелдік ғылыми кеңесшісінің жетекшілігімен Е.Р. Баранцевич, И.П. Павлов атындағы Бірінші.....

Қазіргі таңда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасында ассистент болып жұмыс жасайды.

Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университетінде екі апталық клиникалық және ғылыми-практикалық тағылымдамадан өткен.

2022-2024 жылдары Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында «ЖТД-1» кафедрасында ассистент болып жұмыс жасады.

2020-2024 жылдар арасында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, 8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасында оқыған.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып гирудотерапияны (сүлікпен емдеу) инемен емдеу, мануалды терапия және висцералды хиропрактикамен біріктіріп, неврологиялық және жалпы терапиялық бағыттағы науқастарды емдеуде кеңінен қолданды.

Медицина саласындағы білімін жетілдіру мақсатында бірқатар біліктілікті арттыру курстарынан өтті:

- Эпилептология және клиникалық электроэнцефалография (ОКМФА);
- Гирудотерапия негіздері және дәстүрлі емес емдеу әдістері;
- Нерв жүйесі ауруларындағы гирудотерапия;
- Қоғамдық денсаулық сақтау және аккредитация мәселелері;
- Рефлексотерапия және гирудотерапия;
- Кешенді гирудотерапия (Мәскеу қ.).

Салтанат Жақсылыққызы көптеген ғылыми мақалалардың авторы, «Гематологиялық фармакология» оқулығының авторы, «Ишемиялық

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 6 беті

инсульттегі гирудотерапияның фармакологиялық аспектілері» атты монография және «Гирудотерапия негіздері» кітабының авторы болып табылады.

Салтанат Жаксылыккызы – Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының белсенді мүшесі. Оның қоғамдық өмірдегі және медицина саласындағы үлесі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің алғыс хаттарымен және грамоталарымен марапатталған.

Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы: «COVID-19 короновирустық инфекциямен ауырғандардың танымдық бұзылыстарын гирудотерапиямен емдеуін негіздеу»

Отандық ғылыми кеңесшілері: Ғылыми жетекші медицина ғылымдарының кандидаты Кайшибаева Г.С. медицина ғылымдарының кандидаты, профессор Абуова Г.Н.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі: медицина ғылымдарының докторы, академик РАН Баранцевич Е.Р.

2022 ж. сәуір айында докторантура бағдарламасы аясында шетелдік ғылыми кеңесшісінің жетекшілігімен Е.Р. Баранцевич, И.П. Павлов атындағы Бірінші Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университетінде екі апталық клиникалық және ғылыми-практикалық тағылымдамадан өткен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда – 4 мақала; Web of Science немес Scopus компаниясының мәліметтер базасына енген басылымдарда – 2 мақала; шетелдік конференция материалдарында – 11 тезис жарық көрді, және 1 авторлық құқық куәлігі, 2-патент, және 1- кітап, 2- жинақ баспада басылып шықты.

Докторантураға түскен сәттен бастап (2020 жылдың қыркүйек айы), қазіргі таңға дейін жеткен негізгі жетістіктеріне төмендегілер жатады:

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша орындалған зерттеулер нәтижелері мына төменгі ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндалған:

XII Халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференция «Состояние здоровья; медицинские, социальные и психолого-педагогические аспекты» ғылыми мақалалар жинағы, аннотация, Чита-Семей-Донецк, 23-26 қараша 2021 ж.

«Қазіргі заманғы дәстүрлі медицинаны дамытудың өзекті мәселелері» ғылыми мақалалар жинағы, VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция тезистері, 8-9 сәуір-2022. Түркістан

«Биология, медицина және фармацияның даму перспективалары» атты жас ғалымдар мен студенттердің Халықаралық ғылыми конференциясы 7-8 желтоқсан 2023 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 7 беті

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, медицина ғылымдарының докторы, профессор Гуляев Александр Евгеньевичтің 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық және халықаралық қатысумен Қазақстанның клиникалық Фармакологтарының III Конгресі Ақтөбе.

"Бүгінгі интегративті медицина" Халықаралық саммиті. 25-26 мамыр, 2024. Эстония, Таллин.

"Шипажай-2024" IX Халықаралық ғылыми-практикалық форумы 28 қыркүйек 2024 ж. Қазақстан Республикасының курортология мәселелері. Мерке.

IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, "Жалпы тәжірибе дәрігерінің жұмысындағы Дәстүрлі медицина", 21 қыркүйек. Шымкент, 2024 ж.

«Актуальные вопросы фундаментальной медицины; сегодня и в будущем» Ташкент, 28 ноября 2024г;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті арнайы клиникалық пәндер кафедрасының кеңейтілген ғылыми семинарында мәселелік комиссия мәжілісінде баяндама жасалынды.

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы КУӘЛІК. 2021 жыл «19» қараша №21863. Объектінің атауы: «Общий курс гирудотерапии». ҚР ӨМ «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК тарапынан берілген.

Патент объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Патент 2025 жыл «10» қаңтар №37119. Объектінің атауы: «Постковидті синдромдағы нейропсихологиялық бұзылулары бар наукастарды медициналық сүлікпен емдеу тәсілі». ҚР ӨМ «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК тарапынан берілген.

Қазіргі уақытта – Қазақстан гирудотерапевтер Альянсының Президенті, дәрігер-гирудотерапевт, дәрігер-невропатолог, иглорефлексотерапевт, дәстүрлі медицина сарапшысы.

Осылайша, Серікбаева Салтанат Жақсылыққызы жеке ісінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің "Ғылыми дәрежелер беру қағидаларында" белгіленген талаптарға толық жауап беретін барлық қажетті құжаттар тіркелген.

Назар салып тыңдағандарыңыз үшін алғыс білдіремін!

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Рахмет, Канатжан Сауханбекович! Изденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақтар жоқ. Диссертациялық жұмысының негізгі нәтижелерін баяндау үшін **Серікбаева Салтанат Жақсылыққызына** сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін баяндау үшін **20 минут** уақыт беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 8 беті

Ізденуші: Саламатсыздар ма аса құрметті Комиссия төрайымы, аса құрметті Комиссия Мүшелері, аса құрметті рецензенттерім, ардақты ғылыми кеңесшілерім, ұстаздарым және аяулы жакын жандар!

Сіздерге докторлық диссертациям бойынша жеткен негізгі нәтижелерімді таныстыруға рұқсат етулеріңізді сұраймын.

ҚР-да постковидтік синдроммен ауырғандар үлесі – 17,3%

COVID-19 ауырғандардың 96,2%-ында психологиялық және когнитивті бұзылыстар анықталған: 19% – депрессия, 55% – мазасыздық, 70% – психосоматика, 25%-ында суицидтік ойлар пайда болған. 67,9% – ұйқысыздықтан зардап шеккен. Ерекше қауіп тобы: егде жастағылар, созылмалы аурулары барлар. Жасы ұлғайған сайын таралуы 2–3 есе артады

Ишемиялық инсульт – өлім себептерінің 53–55%. Артериялық гипертензия инсульт қаупін 1,6 есе арттырады Осы орайда **зерттеуіміздің максатына жету үшін, біз зерттеуіміздің алдында 4 міндетті қойдық:**

Бірінші міндетіміз Пациенттердің ксенобиотиктерге сезімталдығына байланысты ПКС кейінгі когнитивті көріністеріне, дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның депрессия мен инсомнияға әсер етуінің салыстырмалы тиімділігін анықтау;

Екінші міндетіміз, Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның ПКС пациенттердің кан тромбоциттерінің өздіктік агрегациялық жағдайын және липидтердің асқын тотығуы үрдісінің әсер етуінің жағдайын анықтау;

Үшінші міндетіміз, Дәстүрлі және актовегинмен құнарланған гирудотерапияның постковидті синдромды наукастардың сілекейдегі ЛАТ пен АОЖ ИК және эндогендік интоксикация индексін, орташа молекулалардың мөлшерімен анықтап, сараптама жасап бағалау;

Төртінші ретте, Постковид синдромының неврологиялық және психопатологиялық түріндегі қолданылған дәстүрлі және актовегинмен құнарланған гирудотерапияның салыстырмалы фармакоэкономикалық тиімділігін анықтау

Зерттеуіміздің **ғылыми жаңалығы** болып – Алғашқы рет постковидтық синдроммен ауыратын наукастардың неврологиялық жағдайына және жүйке жүйесінің когнитивтік қызметі ағзаның ксенобиотикке сезімталдығына байланысты әр түрлі деңгейде өзгереді. Біріншілер қатарында, кешенді жағдайында, бір кезеңде ПКС пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты кан тромбоциттерінің агрегациялық қасиеттеріне және липидтердің еркін радикалды тотығуы үрдісінің жағдайына дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсері анықталды.

Алғашқы рет постковидтық синдромды наукастардың дезинтоксикалық қызметіне даралық дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерінің ерекшеліктері сипатталды.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кенес		044/23(1) 41 беттің 9 беті
Стенограмма		

Теориялық және тәжірибелік маңыздылығы Постковидті синдром ұзаққа созылғандықтан, науқастар бірнеше түрлі ем қолдануға мәжбүр. Бұл полипрагмазия жанама әсерлерге әкеледі. Осыған байланысты жанама әсері аз, табиғи, әрі қолжетімді ем – гирудотерапияны қолдану өзекті

Гирудотерапияның емдеу тиімділігін, қауіпсіздігін және оңтайлы фармакотерапиясын фармакоэкономикалық тұрғыдан талдау ғылыми әдебиеттерде кездеспейді. Осы жағдайды ескере отырып постковидті синдромды пациенттерді гирудотерапиямен емдеу барысында нейпропротекторлармен салыстырмалы тұрғыдан талдау жасау неврологияның және гирудотерапияның өзекті мәселесі болып табылады

Қорғауға қойылған негізгі ұсынымдарына 1. Постковидті синдромды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты (төзімді, сезімтал және өте сезімтал) неврологиялық жағдайы және жүйке жүйесінің когнитивтік қызметтеріне дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерлерін салыстырғанда тиесінше әр түрлі деңгейде позитивті өзгеруге тап болды.

2. Постковидті синдромды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты сырқаттардың қан тромбоциттерінің өздіктік агрегациялық жағдайын дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерлерінен төмендеуі төзімді, сезімтал және өте сезімталды пациенттерде әр түрлі мөлшерде орын алады.

3. Постковидті синдромды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты сілекейдегі липидтердің еркін радикалды тотығуы үрдісінің және антиоксидантты жүйенің интегралды коэффициентінің деңгейлерінің жағдайларының сілекейдегі уытты орта молекулалардан заласыздандыруын төмендеуі гирудотерапияның емдік дозасына және медициналық сүліктің түрлеріне тікелей байланысты орын алды.

4. Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның фармакотерапиялық оңтайлы емдік қасиеттері сәйкес 10 және 5 реттік процедурадан кейін орын алды, яғни құнарланған гирудотерапияның емдік белсенділігі дәстүрлі гирудотерапиядан жоғары деңгейде болды. Дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиялық емдік тобында үнемдеу деңгейі организмнің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты әртүрлі деңгейде орын алады.

Зерттеу жұмысымыздың материалдары мен әдістемелеріне келер болсақ, зерттеу дизайнымыз аралас (ретроспективті және проспективті).

Қатыстыру критерийлері, пациенттің жазбаша келісімі; 2020-2023 жылдары COVID-19 аңғармасымен емханалық және аурухана жағдайында ем алған науқастар. Барлық науқастар Ig Sars-Cov-2 оң нәтижесімен алынды. Қазақстан азаматтары. 25 жастан асқан ер азаматтар

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		41 беттің 10 беті

Шығару критерийлері: Гирудинге аллергия немесе актовегинге қарсы көрсетілімдер. Қазақстан азаматы емес. ВИЧ инфекциялы, катерлі ісікті науқастар. Ig Sars-Cov-2 теріс нәтижесімен. 25 жасқа дейін Зерттеуімізге барлығы 90 пациент катысты. Олар топқа бөлінді: Бақылау тобы – 30 адам. Бұл топ ем қабылдамаған, тек салыстыру үшін алынды. Актовегин таблеткасын қабылдаған топ – 30 адам. Дәстүрлі гирудотерапия жүргізілген топ – 30 адам. 4. Актовегинмен құнарланған гирудотерапия жүргізілген топ – 30 адам. Әрбір негізгі топ үш шағын топқа бөлінді: Организмі ксенобиотиктерге төзімді ($TK < 1.1$) – 10 адам. Сезімтал ($TK = 1.2 - 1.5$) – 10 адам. Өте сезімтал ($TK > 1.5$) – 10 адам. Бұл слайдта постковидті синдроммен ауырған науқастарда когнитивті қызметтің MoCA шкаласы арқылы бағаланған көрсеткіштері ұсынылған.

Емдеу топтарында ем басталғанға дейін МОСА көрсеткіштері айтарлықтай төмен болды. Бірақ гирудотерапиядан кейін 3, 6 және 11-тәуліктерде бұл көрсеткіштер біртіндеп артып, 11-тәулікте барлық топтарда 28-29 баллға жеткен. Бұл гирудотерапияның когнитивтік бұзылыстарды қалпына келтіруде оң әсер беретінін дәлелдейді.

Төзімді топ:

Емге дейінгі көрсеткіш бақылау тобынан 31,7%-ға төмен болды. Дәстүрлі гирудотерапия 10-шы процедурадан кейін 28%-ға жақсарды. Құнарланған гирудотерапия 5-ші процедурадан кейін 31,3%-ға көтеріліп, бақылау тобының деңгейіне жақындады. Яғни, құнарланған ем тек 5 процедурада дәстүрлі 10 процедуралық нәтижеге жетті.

Сезімтал топ:

Емге дейін бақылаудан 47,3%-ға төмен болды. Дәстүрлі гирудотерапия 10-шы процедурадан кейін 78,5%-ға көтерілді. Құнарланған гирудотерапия 5-ші процедурадан кейін 84,8%-ға жақсарды. Құнарланған гирудотерапия бұл топта да 2 есе тез нәтиже көрсетті.

Өте сезімтал топ:

MoCA шкаласы емге дейін 64%-ға төмен болды. Дәстүрлі гирудотерапия 10 процедурадан кейін 1,8 есе (283,3%) жақсарды. Құнарланған гирудотерапия 5 процедурадан кейін 1,9 есе (293,1%) жақсарды. Құнарланған гирудотерапияның жылдам әрі күшті әсері бұл топта айқын көрінісі.

11 Слайдтың сол жағындағы графиктен көріп отырғанымыздай: Бақылау тобында ВКАД бұзылыстары анықталмаған — 100%.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1) 41 беттің 11 беті
Стенограмма		

Төзімді топта бұл көрсеткіш 69,3% ғана. Сезімтал топта — 52,7%. Ал өте сезімтал топта бар болғаны 34% деңгейінде сақталған. Бұл бастапқыда, емге дейінгі жағдай. Яғни, сезімталдық артқан сайын ВКАД бұзылыстары да күрделене түседі. Кестедегі динамика:

Кестеде көрсетілгендей, барлық топтарда емге дейін ВКАД көрсеткіші 2,0–3,1 балл аралығында болған. Бұл — айқын когнитивтік дисфункцияның белгісі. Алайда, гирудотерапия, әсіресе құнарланған гирудотерапия нәтижесінде: 6-шы және 11-ші тәулікте барлық топтарда ВКАД көрсеткіштері 5,0 баллға дейін артқан. Бұл — калыпты когнитивтік деңгейге жақындағанын білдіреді.

12 Слайдта постковидті синдроммен ауырған пациенттердің визуалды конструктивті және атқарушы дағдыларының (ВКАД) ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты дәстүрлі және құнарланған гирудотерапиядан кейінгі динамикасы көрсетілген

Төзімді топта:

Емге дейін ВКАД көрсеткіші бақылау тобынан 31,7% төмен болды.

Дәстүрлі еммен 10-шы процедурадан кейін бұл айырмашылық 19,5%-ға қысқарды.

Құнарланған гирудотерапия бар болғаны 5 процедурадан кейін көрсеткішті 21,5%-ға жақсартып, бақылау тобына теңестірді.

Демек, құнарланған тәсіл аз уақытта жақсы нәтиже берді.

Сезімтал топта:

Емге дейін көрсеткіш 38%-ға төмен болды.

Дәстүрлі әдіспен 10 процедурадан кейін 54,8%-ға,

Ал құнарланған әдіспен 5 процедурадан соң 61,3%-ға жақсарды. Бұл — екі есе тиімді әрі жылдам әсер деген сөз.

Өте сезімтал топта:

Бастапқы айырмашылық — 6%.

Дәстүрлі гирудотерапия нәтижесі: 1,6 есе (261,1%) өсім.

Құнарланған әдіс нәтижесі: 2,8 есе (278,7%) жақсару.

Бұл — құнарланған гирудотерапияның сезімтал ағзада жоғары тиімділік көрсететінін дәлелдейді.

Алынған нәтижелер №1 тұжырымды ғылыми тұрғыда негіздеуге және оны қорғауға толық мүмкіндік берді.

13 Постковидті синдромды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты (төзімді, сезімтал және өте сезімтал) неврологиялық жағдайы және жүйке жүйесінің когнитивтік қызметтеріне дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерлерін салыстырғанда тиісінше әр түрлі деңгейде позитивті өзгеруге тап болды.

14 слайдта постковидті синдроммен ауырған наукастардың кан тромбоциттерінің өздік агрегациясы – яғни ҚТӨА – ксенобиотикке сезімталдық

дәрежесіне байланысты қалай өзгеретіні, және осы көрсеткішке дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсері салыстырмалы түрде көрсетілген.

1. ТӨЗІМДІ ТОП

Емге дейін ҚТӨА деңгейі бақылаудан 55% жоғары.

Дәстүрлі гирудотерапия 7 процедурадан кейін 47,3%-ға төмендетіп, калыпты деңгейге жетті.

Құнарланған гирудотерапия 5 процедурадан кейін-ақ сол нәтижеге жетіп, 10%-ға тиімдірек болды.

2. СЕЗІМТАЛ ТОП

ҚТӨА бастапқыда 101% артық болды.

Дәстүрлі әдіспен 7 процедурада 47,2%-ға төмендеді.

Құнарланған әдіспен бұл нәтижеге 5 процедурада жетті.

Қалыпты жағдайға 1 күн ерте келді.

3. ӨТЕ СЕЗІМТАЛ ТОП

ҚТӨА 201% жоғары болды – бұл ең ауыр топ.

Дәстүрлі ем 10 процедурада 63,9%-ға төмендетті.

Құнарланған ем небәрі 3–4 процедурада ҚТӨА-ны 73,5%-ға төмендетіп, тез калыпқа келтірді.

Сүлік саны аз жұмсалды, нәтиже – жоғары.

15 Постковидті синдромның кезінде тромбоциттердегі ЛАТ/АТЖ интегральды көрсеткішінің белсенділігінің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты жағдайы (%)

Төзімді топта бұл көрсеткіш 147%, яғни бақылаудан 47% жоғары. Сезімтал топта 187 артық. Өте сезімтал топта – 194% яғни айқын уытты әсер бар екенін көрсетеді.

Құнарланған және дәстүрлі гирудотерапиядан кейінгі ПКС –дағы сырқаттардың ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты қан тромбоциттеріндегі ЛАТ-АТЖ интегралдық коэффициентінің салыстырмалы сипаттамасы (%)

1. Төзімді топ:

Емге дейінгі көрсеткіш бақылау тобынан 1,5 есе жоғары.

Дәстүрлі гирудотерапия 5 процедурадан кейін көрсеткішті 35,5%-ға төмендетіп, бақылау деңгейіне жақындатты.

Құнарланған гирудотерапия бар болғаны 2 процедурадан кейін көрсеткішті 43,2%-ға азайтып, қалыпты шамаға жеткізді.

Қорытынды: ем әсері жылдамырақ және тереңірек болды.

2. Сезімтал топ:

Емге дейін ЛАТ/АТЖ көрсеткіші бақылау тобына карағанда 2,8 есе (287%) жоғары.

Дәстүрлі ем 10 процедурада 63,8%-ға азайтып, нәтиже берді.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		41 беттің 13 беті

Құнарланған әдіс тек 5 процедурада бұл көрсеткішті 64,6%-ға төмендетіп, бақылау тобының деңгейіне теңестірді.

Құнарланған тәсіл — уақытты екі есеге қысқартты.

3. Өте сезімтал топ:

ЛАТ/АТЖ бастапқыда 2,9 есе (294%) артқан.

Дәстүрлі гирудотерапия 10 процедурадан кейін 65,3%-ға төмендетті.

Құнарланған гирудотерапия 5 процедурадан кейін 37,2%-ға азайтып, тез және тиімді нәтиже берді.

Бұл топта да ем әсері ерте басталып, ауыр интоксикация белгісі жойыла бастады.

Алынған нәтижелер №2 тұжырымды ғылыми тұрғыда негіздеуге және оны қорғауға толық мүмкіндік берді.

Постковидті синдромды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты сырқаттардың қан тромбоциттерінің өздіктік агрегациялық сілекейдегі липидтердің еркін радикалды тотығуы үрдісінің және антиоксидантты жүйенің интегралды коэффициентінің деңгейлерінің жағдайын дәстүрлі және құнарланған гирудотерапияның әсерлерінен төмендеуі төзімді, сезімтал және өте сезімтал пациенттерде әр түрлі мөлшерде орын алады.

Слайдта постковидті синдроммен ауырған науқастардың сілекейінде анықталған липидтердің асқын тотығу (ЛАТ) және антиоксиданттық жүйе (АТЖ) арасындағы интегралды көрсеткіштің (ИК) белсенділігі ксенобиотикке сезімталдық дәрежесіне байланысты қалай өзгередіні көрсетілген. ЛАТ-АТЖ ИК – ағзадағы оксидативті стресстің деңгейін бейнелейтін маңызды маркер.

1. ТӨЗІМДІ ТОП: Бастапқы деңгей — бақылаумен салыстырғанда 1,66 есе (166%) жоғары. Дәстүрлі гирудотерапия 4 процедурада 44,1%-ға азайтты. Құнарланған гирудотерапия 3 процедурадан кейін-ақ 43,1%-ға түсіріп, бақылау деңгейіне жеткізді. ✓ Бұл тәсілдің емдік әсері жылдамырақ және тұрақты екенін дәлелдейді.

2. СЕЗІМТАЛ ТОП: ИК көрсеткіші 2,8 есе (277%) жоғары. Дәстүрлі ем 4 процедурада 60,7%-ға төмендетті. Құнарланған ем 3 процедурада 63,2%-ға түсіріп, бақылау тобына теңестірді. ✓ Жауап беру уақыты қысқарғанымен, әсері терен.

Алынған нәтижелер №3 тұжырымды ғылыми тұрғыда негіздеуге және оны қорғауға толық мүмкіндік берді.

Постковидті синдромды пациенттердің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты сілекейдегі липидтердің еркін радикалды тотығуы үрдісінің және антиоксидантты жүйенің интегралды коэффициентінің деңгейлерінің жағдайларының сілекейдегі уытты орта молекулалардан залалсыздандыруын төмендеуі гирудотерапияның емдік дозасына және медициналық сүліктің түрлеріне тікелей байланысты орын алды.

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		
		044/23(1) 41 беттің 14 беті

Біз емнің **қаржылық құнын**, сондай-ақ пациенттердің емге дейінгі және кейінгі жағдайын салыстырып, **меншікті тиімділік, тиімділік көрсеткіші, шығын–пайда және шығын–белсенділік көрсеткіштерін** есептедік.

Дәрі-дәрмек бағасы ретінде «Еврофарма» дәріханасының прайс-листі қолданылды. Ем нәтижелілігі ретінде эндоуыттану индексі мен АТЖ-ЛАТ көрсеткіштері негізге алынды.

Нәтижесінде, ұсынылған ем әдісі **науқастардың жағдайын жақсартумен қатар, қаржылық жағынан да тиімді** екені дәлелденді. Бұл тәсіл алдағы уақытта **ем сапасын арттыру және шығынды азайту** үшін пайдалы болады деп есептейміз.

Төзімді топта: Тікелей шығындар ең төмен: ҰХА – 131,9 тг Дәстүрлі гирудотерапия – 143,4 тг Құнарланған гирудотерапия – 169 тг

Сезімтал топта: Шамамен сол деңгейде калып қойғанымен, ем көлемі өскен

Өте сезімтал топта: Шығындар ең жоғары: Құнарланған гирудотерапия – 269,4 тг Дәстүрлі гирудотерапия – 207,8 тг ҰХА – 180,4 тг

Бұл деректер емдеу тәсілін таңдауда тек медициналық емес, экономикалық факторларды да ескеру қажет екенін дәлелдейді. Құнарланған гирудотерапияның бастапқы шығыны жоғары болғанымен, ем нәтижесі жылдамырақ, ал бұл өз кезегінде жанама шығындарды азайтады. Демек, бұл тәсіл жалпы алғанда экономикалық жағынан тиімді болып табылады.

Төзімді топта жалпы шығын:

ҰХА – 25 900 тг

Дәстүрлі гирудотерапия – 12 000 тг

Құнарланған гирудотерапия – тек 3 590 тг

Сезімтал топта:

ҚГТ – 16 518 тг, бұл ДГТ мен ҰХА-ға қарағанда анағұрлым үнемді.

Өте сезімтал топта:

ҰХА – 46 220 тг

ДГТ – 36 000 тг

ҚГТ – 13 518 тг ғана

Науқастың сезімталдығы артқан сайын, жалпы емдеу шығындары да ұлғаяды.

Алайда, құнарланған гирудотерапия қысқа уақыт ішінде жоғары нәтиже беріп, емдеу ұзақтығын қысқартады, процедура санын азайтады және жанама шығындарды мейлінше төмендетеді.

1. ТӨЗІМДІ ТОП: Актөвегинмен емдеу тобына қарағанда дараланған гирудотерапия 2,8 есе тиімді. Дәстүрлі емге қарағанда – 1,6 есе тиімді. ✓ Бұл — шығынға шаққандағы уытты заттардың азаюы айқын жоғары болғанын көрсетеді. □ 2. СЕЗІМТАЛ ТОП: Құнарланған гирудотерапия тобы: Актөвегинмен салыстырғанда 2,2 есе тиімді, Дәстүрлі еммен салыстырғанда

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		
Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 15 беті

14,2%-ға артық нәтиже берді. ✓ Бұл топта да дараланған тәсілдің басымдығы анық байқалды. □ 3. ӨТЕ СЕЗІМТАЛ ТОП: «Шығын-пайда» көрсеткіші бойынша: Актотегин тобымен салыстырғанда 4,9 есе (488,5%) тиімді, Дәстүрлі еммен салыстырғанда 5,4%-ға артық. ✓ Бұл — ең ауыр клиникалық жағдайда да құнарланған гирудотерәпияның уытты әсерді айтарлықтай төмендеткенін көрсетеді.

Құнарланған гирудотерәпияның пациенттердің ксенобиотикке төзімді емдік тобында үнемдеу деңгейі аковегинді топқа қарағанда 144,7 теңгеге, дәстүрлі тобымен салыстырғанда 31,9 теңгеге, сезімталды тобында 180,0 теңгеге және 40,9 теңгеге, ксенобиотикке өте сезімталды пациенттерде 208,2 және 123 теңгеге тең болды.

Сонымен зерттеу нәтижесінде алынған деректер құнарланған гирудотерәпияның белсенділігін, фармакоэкономикалық тұрғыдан толық дәлелденді.

Алынған нәтижелер №3 тұжырымды ғылыми тұрғыда негіздеуге және оны қорғауға толық мүмкіндік берді.

Дәстүрлі және құнарланған гирудотерәпияның фармакотерәпиялық онтайлы емдік қасиеттері сәйкес 10 және 5 реттік процедурадан кейін орын алды, яғни құнарланған гирудотерәпияның емдік белсенділігі дәстүрлі гирудотерәпиядан жоғары деңгейде болды. Дәстүрлі және құнарланған гирудотерәпиялық емдік тобында үнемдеу деңгейі организмнің ксенобиотикке сезімталдығына байланысты әртүрлі деңгейде орын алады.

Рұқсат болса, қорытындыға тоқтамай тәжірбиелік ұсынысқа өтсем.

1 ПКС пациенттердің когнитивті ауытқуларын онтайлы емдеу үшін уытсыздандыратын, антиоксидантты және антиагрегантты белсенділігі жоғары аковегинмен құнарланған медициналық сүлікті төзімді, сезімтал және өте сезімтал пациенттерге 12,0 г, 20,0 г және 26,0 г массасын қолданған жөн.

2 Зерттеу нәтижелерінде қолданған әдістер ПКС пациенттердің фармакоэкономикалық сараптама жасауға қолдануға болады және емдік кешендердің арасында ең тиімді, ең арзан құнарланған гирудотерәпиялық, кешен деген мәнге ие болды.

3. Постковидті синдромды пациенттердің организмдегі липидтердің асқын тотығу күйзелістік жағдайын бағалау үшін балама нысан ретінде қан жүйесінің орнына пациенттердің сілекейін қолданған жөн.

Назарларыңызға рақмет!

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Диссертациялық кеңестің мүшелері, мархабат, ізденушіге сұрақтарыңыз болса, қоюға болады.

Ең алғашында бізге онлайн қосылып отырған диссертация мүшелеріне сөз берсек.

Баринев Алексей Николаевич : Вопросов нет.

QONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		41 беттің 16 беті

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері, Шолпан Адильжановна, Дарибаев Жолтай Рахимбекович мархабат, ізденушіге сұрақтарыңыз болса, қоюға болады.

Дарибаев Жолтай Рахимбекович: 1) Актовегинмен құнарланған гирудотерапия стандартты әдіске қарағанда неге тиімдірек болды? Бұл әсер Актовегиннің аркасы ма, әлде сүліктердің сілекейіне байланысты болды ма?

2) Гирудотерапия когнитивтік қызметтерді қандай патогенездік механизм арқылы жақсартты?

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: **Салтанат Жақсылыққызы,** Сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Ізденуші: Сұрағыңыз үшін рақмет **Құрметті Дарибаев Жолтай Рахимбекович** сұрақ қойғаныңызға рақмет.

Бірінші сұрағыңызға жауап. Иә, әсердің күшеюі негізінен Актовегиннің фармакологиялық қасиеттерімен байланысты. Актовегин — жасушалық энергетикалық алмасуды күшейтетін, тіндердің гипоксияға төзімділігін арттыратын, микроциркуляцияны жақсартатын препарат. Ол жүйке тінінде метаболизмді жақсартады.

Сүліктер арқылы енгізілгенде бұл заттардың әсері күшейеді, себебі:

Сүлік сілекейіндегі ферменттер (гирудин, дестабилаза) қан айналымын жақсартады;

Сүліктер енгізу орнында жергілікті қан айналымын күшейтіп, Актовегиннің сіңуін арттырады.

Литобзорда Актовегин туралы аз айтылса, оны толықтыру қажет, себебі оның әсері зерттеу нәтижелерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Екінші сұрағыңызға жауап.

Микроциркуляцияның жақсаруы – ми тіндері оттегі және қоректік заттармен жақсы қамтылады;

Қабынуға қарсы әсері – цитокиндердің белсенділігі төмендейді;

Антигипоксиялық әсер – мидың гипоксияға төзімділігі артады;

Нейропротекторлық әсер – сүлік ферменттері жүйке тінін зақымданудан қорғайды;

Стресс пен вегетативтік дисбалансты реттеу – бұл да когнитивтік жағдайды жақсартады. Осы факторлардың бірігуі когнитивтік қызметтердің жақсаруына алып келеді.

Дарибаев Жолтай Рахимбекович: ЛАТ-АТЖ танымдық қызметтің жақсаруына әсері бар ма?

Ізденуші: **Дарибаев Жолтай Рахимбекович** сұрақ қойғаныңызға рақмет. Иә, ЛАТ-АТЖ жоғары болса, науқаста когнитивті қызметі төмен болады. Гирудотерапияның дезинтоксикациялық қызметі бар. Емнен кейін ПОКС төмендейді. Содықтан науқастың когнитивті қызметі жақсарады.

НҰРМАШЕВ БЕКАЙДАР ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ: Дарибаев Жолтай Рахимбекович жауаптарға қанағаттандыңыз ба?

Дарибаев Жолтай Рахимбекович: Йә жауаптарға қанағаттандым.

НҰРМАШЕВ БЕКАЙДАР ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ: Булекбаева Шолпан Адильжановна сөз кезегі сізде.

БУЛЕКБАЕВА ШОЛПАН АДИЛЬЖАНОВНА: бірінші сұрақ: аса құрметті кеңес төрағасы менде де сұрақтар бар. асқынулар болды ма? және қанша пайыз болды және қай топта болды?

Екінші сұрақ: Сіздің әдісіңіздің басқалардан қандай ерекшелігі бар? Қандай жаңалықтарыңыз бар, үнемдеу туралы біраз айттыңыз, сол үнемдеу ненің арқасында болды үшінші топта? Емдеу курсы қысқарды ма, және әсер тезірек болды ма?

Өзіме қызық болып тұр, бұл дәстүрлі медицинаға қалай келдіңіз? Сіз невропотологсыз, реабилитологсыз. Екіншісі бірі гирудотерапиямен айналыспайды. Және актовегинмен қосып әсер болатыны жайлы айтып берсеңіз маған.

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Салтанат Жаксылыққызы, Сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Салтанат Жаксылыққызы: Құрметті Шолпан Адильжановна қойған сұрақтарыңызға рахмет. Бірінші сұрағыңызға жауап: Сүлікпен емдеу барысында асқыну өте сирек кездеседі. Егер наукас жеке бас гигиенасын дұрыс ұстанбаса, сүлік тістеген жерде қабынулық реакция болуы мүмкін. Қазіргі таңда пластикалық операциялардан қиын жазылып жатқан жаралар болса, сол жараларды емдейміз. Өте сирек кездеседі. Менің практикамада асқыну болған жоқ.

Екінші сұрағыңызға жауап: Ем методикасы. Кітаптың ішіне толық жаздым. Гирудотерапияны өзім шығыс медицинасын бітіргеннен кейін, әр сеанста биологиялық активті точкалармен байланыстырдым. 6-7 омыртқада бізде нүкте бар, ол жерден жеті канал өтеді. Сол жерге сүлікті қойғанда, сүлікті біз үнемдейміз және жеті каналға әсер етеміз. Дүние жүзінде сүлікпен емдеуде осындай стандарт жоқ. Сүлікті наукастың қай жері ауырады, сол жерге қояды. Ол методта өте көп асқынулар. Ал менің методикамды Қазақстанда көптеген дәрігерлер колданып жатыр. Менің орталықтарым қазіргі таңда білім алатын орталыққа айналып жатыр, бізге оқуға келіп осы методикамен оқытып жатырмыз. Бұл методиканың айырмашылығы асқынусыз, нүктемен, ғылыми дәлелденген. Әр сеансына методикасын жазып, Құдай қаласа стандартқа енгізуге жоспарлап отырмын.

Үшінші сұрағыңызға жауап: Бұл емге қалай келдім? Гирудотерапиямен айналысып жатқанымға он сегіз жылдан асты. Акушер-гинекологияда, мен өзім

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 18 беті

әр калада филиалдарды ашқан уақытта, клиникаларды жүргізу оңай емес. Сондықтан мен эко клиникалармен тығыз жұмыс істеген уақытта, емдік эффектісін көріп, көзі жеткеннен кейін өздерінің клиникаларында енгізген. Емдік қасиет бар екеніне көзі жеткендіктен. Көп науқастарды дәрімен емдегенде оның кері әсері бар. Асказаны, әсіресе ревматоидты артрит созылмалы НПВС көп ішетін науқастарға тиімді әрі кері әсері жоқ басқа органдарға. Сол жағынан біріншіден. Ал екіншіден науқасты неврологиялық дәрілермен қосып, комбинацияда емдегенде эффект он күнде емес, бес күнде болады. Сондықтан мен осы сүлік салғаннан эффект болғаннан, мен осы тақырыбыма келдім. Төртінші сұрағыңызға жауап: Үнемдеу ол бізде осы слайдта көрсетілгендей, 17 және 7 теңге бұл былай айтқанда қымбат болып көрінді. Даралық гирудотерапиямен салыстырғанда қымбат.

БУЛЕКБАЕВА ШОЛПАН АДІЛЬЖАНОВНА: СІЗ АЙТАСЫЗ БІРІНШІ ГРУППАМЕН ТЕК АКТОВЕГИН ПАЙДАЛАНҒАН ОЛ ҚЫМБАТ. АКТОВЕГИНМЕН ГИРУДОТЕРАПИЯНЫ ҚОСҚАН ОЛ АРЗАНДАУ БОЛДЫ. ОЛ НЕЛІКТЕН. МЫНА ЖЕРДЕ ГИРУДОДА БАР АКТОВЕГИНДЕ БАР? НАОБОРОТ ЕКЕУІН ҚОСҚАНДА ОЛ ҚЫМБАТ БОЛУ КЕРЕК, АЛ БҰЛ ЖЕРДЕ ТӨМЕН БОЛДЫ. СОЛ НЕЛІКТЕН. КУРС ЛЕЧЕНИЯСЫ ҚЫСҚАРДЫ МА? ВОТ СОНЫ АНЫҚТАП ӨТСЕҢІЗ.

Салтанат Жаксылыққызы: Әр топта өзінің дозасы болды. Төзімді топта алты дана қолдандық. Сезімталда он шт. Өте сезімталда он үш дана қолдандық.

БУЛЕКБАЕВА ШОЛПАН АДІЛЬЖАНОВНА: ҮШІНШІ ТОПТА КУРС ЛЕЧЕНИЯ ҚЫСҚАРДЫ МА?

Салтанат Жаксылыққызы: Бесінші күні БекА МоСа да көрсеткіштері жақсарып, курс лечения қысқарды.

НҰРМАШЕВ БЕКАЙДАР ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ: Булекбаева Шолпан Адильжановна жауаптарға қанағаттандыңыз ба?

Булекбаева Шолпан Адильжановна: Жақсы рахмет.

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелеріне сұрақ қоюларына мүмкіндік берейік. **Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы**

Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы: Жұмыс өте ауқымды, жан жақты, терең зерттеулер жүргізілгені көрініп отыр. Және қызықты. Мен ойлаймын қазір

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		
Стенограмма		044/23(1) 41 беттің 19 беті

гирудотерапия ең алғашқы жұмыстардың бірі шығар Қазақстандағы. Менде екі сұрақ бар.

Сіздің баяндау барысыңызда бірінші сұрақ науқастарыңыздың эндогендік уыттылығын бағалау үшін сілекей құрамындағы эндогендік уыттылық мөлшерін арнайы әдістермен анықтағансыз. Соның ішінде маған қызық болып тұрғаны: индексін анықтау кезінде Орманов әдісімен анықтағаныңыз. Осы әдістің қандай ерекшелілігі бар, және қалай анықталды?

Келесі екінші сұрағым: когнитивті қызметтің функционалды бұзылыстарды бағалау үшін оның бір шкаласы ұйқысыздықтың өте сезімталдығын анықтау кезінде сізде Питтсбург әдісін өзіңіздің жұмысыңызда пайдалану кезінде сіздің зерттеу тобыңызды арнайы валидациядан өткіздіңіз бе тиімді болу үшін?

Салтанат Жаксылыққызы: Құрметті Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы, сұрағыңызға рахмет. Информация өте көп болғандықпен, мен бүгінгі жұмысыма именно осы көрсеткішті, бұл арнайы эндоутты арнайы спектофотометрде біз жүргіздік. Осы мед академия қабырғасында. Фармокология кафедрасында. Арнайы науқастардың сілекейін аш қарынға жинап, цинтрифугада өткізіп, аппаратка енгізіп, сол жерден спектофотомерден светтің көрсеткішіне қарай шықты. Сол шыққанға қарай осы уыттануын, көреткішін жеке жеке бөлдік. Осы метод Ормановтың әдісі болып келеді.

Екінші сұраққа жауап: Әрине ол валидациядан өтеді. Ұйқысыздық AsA шкаласы олар бірнешеге бөлінеді. Және валидациядан өткіздік.

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Құрметті Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы жауапқа қанағаттандыңыз ба?

Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы: Бірінші сұрақ бойынша өте жақсы жауап берді. Уыттылығы бойынша, себебі біз үшін жаңа индексін анықтау болып табылды. Және ол өзінің тікелей қатысуымен...

Екінші валидация бойынша шетелдік сауалнаманы бізге бейімдеп, сіздің жағдайыңызға зерттеуде қандай ерекшеліктер енгіздіңіз? Немесе сол сауалнаманы нақтылай ешқандай өзгерістерге ұшыратпай қажеттілігі болмаған жағдайда, сауалнаманың негізгі талаптарын сақтай отырып зерттеу жүргіздіңіз бе?

Өзгеріске ұшыраттыңыз ба сауалнаманы, валидация жасап бейімдеу үшін, немесе сол күйінше қалдырдыңыз ба?

Салтанат Жаксылыққызы: Сауалнаманы мен сол күйінше қалдырдым. Өзгеріс енгізгенім мен оны қазақша тілге аударып, қазақша тілде IX халықаралық конференцияда ISB номері алынып, сол қазақша сауалнаманың бәрін біз сборникке енгіздік.

Кемелбеков Қанатжан Сәуханбекұлы: Рахмет толық жауапты алдым. Менің сұрайын дегенім осы еді. Себебі бұл жерде қазақ тілді науқастар қатысады ғой,

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес Стенограмма		
		044/23(1) 41 бетін 20 беті

сондықтан түсінікті болу үшін соны икемдедім, бейімдеп, көрсету жағы. Рахмет жауабыңызға.

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Құрметті Салтанат Жаксылыққызы мынау баяндама барысында ауқымды жұмысыңыз, белгілі болып отыр. Менін сізге бірінші сұрағым, зерттеу кезінде басқалатын когнитивті бұзылыстардың патофизиологиялық механизмі осы гирудотерапияны емдік әсер ретінде пайдалану қалай ескерілді.

Екінші сұрақ, гирудотерапияның тиімділігін бағалау үшін қандай объективті өлшемдермен әдістер өзіңізде қолдандыңыз?

Және. Соңғы сұрақ, гирудотерапияның емдік дозасы сүлік түрлерімен корреляциялық бар ма екен? Жұмыс барысында анықталды ма? Осы сұрақтарды ескердініздер ме?

Салтанат Жаксылыққызы: Аса құрметті диссертация кеңесінің төрағасы, Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы қойған сұрақтарыңызға үлкен рахмет.

Бірінші сұрағыңызға жауабым: Когнитивті бұзылыстар ми қабынуы, қанайналымның бұзылуы, оксидативті стресс және нейротрансмиттерлер жетіспеушілігімен байланысты. Гирудотерапия сүліктің сілекейіндегі биологиялық белсенді заттар арқылы қанайналымды жақсартады, қабынуды азайтады және антиоксиданттық әсер береді. Сондықтан, зерттеуде гирудотерапия осы патофизиологиялық механизмдерге әсер ету арқылы когнитивті бұзылыстарды жеңілдету тәсілі ретінде қарастырылады.

Екінші сұрағыңызға жауап: 1. Гирудотерапияның тиімділігін бағалау үшін объективті әдістер ретінде когнитивті тесттер (мысалы, MMSE, MoCA), мидың қанайналымын бағалайтын УДЗ немесе МРТ, сондай-ақ қанның қабыну және оксидативті стресс маркерлерін талдау қолданылды (егер нақты зерттеуде бар болса).

2. Емдік доза мен сүлік түрлері арасындағы корреляция – кейбір сүлік түрлерінің биологиялық белсенді заттар құрамы әртүрлі. Егер зерттеу барысында сүлік түрлері мен қолданылған дозалар нақты тіркеліп, әсері салыстырылса – бұл байланыс анықталуы мүмкін. Иә, бұл сұрақтар зерттеу барысында ескерілді немесе ескерілуі тиіс. Емге дейін көрсеткіштермен, емнен кейінгі көрсеткіштер айтарлықтай өзгерді. Корреляциялық талдау жасалынды.

Нұрмашев Бекайдар Қалдыбайұлы: Жауаптарыңызға қанағаттандым.

Барлық жауаптарыңыз тындалды. Жауаптар қанағаттандырылды.

Тағы да сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз бар ма диссертация кеңесінің мүшелері?

Тағыда сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз болмаса келесі кезеңге өтейік. Ары қарай;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10141 «Медицина» БББ бойынша Диссертациялық Кеңес		044/23(1)
Стенограмма		41 беттің 21 беті

Аяғанов Дінмұхамед Нұрниязыұлы – PhD, қауымдастырылған профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің» «психиатрия және наркология курсымен бірге жүретін неврология» кафедрасының меңгерушісі, Ақтөбе қаласы, Қазақстан.

Аяғанов Дінмұхамед Нұрниязыұлы: Қайырлы күн құрметті әріптестер, осы диссертациялық жұмысқа ресми рецензент болып тағайындалғанмыз үшін диссертация кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне алғысымды білдіремін. Осы диссертациялық жұмысты рецензиялау барысында өз рецензиямды жазбаша пікірімді жазғанмын. Сол жазбаша пікір құрылымы бойынша бірнеше бөліктен тұрады. Әрбір бөлікке тоқталып кетуге рұқсат етіңіз.

Диссертация тақырыбының (бекітілген күнге) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы. Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету).

Ғылым үшін маңызы: Жұмыс келесі айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған.

